АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
ИНДЕР АУДАНЫ
ЕСБОЛ АУЫЛДЫҚ
ОКРУГІНІҢ
ӘКІМІ

АКИМ ЕСБОЛСКОГО
СЕЛЬСКОГО ОКРУГА
ИНДЕРСКОГО РАЙОНА
АТЫРАУСКОЙ
ОБЛАСТИ

ӨКІМ **РАСПОРЯЖЕНИЕ**

«27» қаңтар 2026 жыл №8-Ө « » 2026 год
Есбол ауылы село Есбол

Бір көзден алу тәсілімен
мемлекеттік сатып алуды
жүзеге асыру туралы

2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасын басшылыққа ала отырып:

1. Бір көзден алу тәсілімен **Көше жарығын басқаруға арналған автоматты жүйені қашықтан бақылау және қашықтан техникалық қызмет көрсету, сонымен қатар басқару шкафтарын жыл көлемінде байланыспен қамту қызметтерін** сатып алу бойынша мемлекеттік сатып алу өткізілсін.

2. Бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін «Есбол ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ұйымдастырушы деп анықталсын.

3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес, бас маман–есепші Сундетова Мейрамгуль Багитжановна мемлекеттік сатып алудың веб-порталы арқылы **«Riza Global» ЖШС-мен** келісім шарт жасақтасын.

4. Осы өкім қол қойылған күннен бастап қолданысқа енеді.

Округ әкімі **А.Тілеккабыл**

Мемлекеттік сатып алулар туралы шартты бір көзден жасауды реттейтін мемлекеттік сатып алу жөнінде негіздеме

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауынан дәйексөз «Әділ мемлекет. Бір ұлт. Өркендеген қоғам», 1 тарау Жаңа экономикалық саясат: - «Бізге мемлекеттік сатып алудың сапалы жаңа жүйесін құру керек. **Ең төменгі баға емес, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің сапасына басымдық болуы керек**».

2022 жылдан 2024 жылға дейінгі кезеңде тауарлар мен қызметтер баға ұсыныстарын сұрату, ашық конкурс арқылы сатып алынды, тәжірибе сатып алынған тауарлар мен қызметтердің сапасыз екенін көрсетті, бұл туралы Мемлекет басшысы өз Жолдауында атап өтті.

Көбінесе бір реттік және ай сайынғы қызметтерді көрсететін өнім берушілер байланысқа шықпайды, қызметтерді үзіліспен көрсетті, сапасыз тауарларды жеткізіп, сол арқылы мемлекеттік кәсіпорындарға, мекемелерге және жалпы мемлекетке зиян келтіреді, өйткені мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер мемлекет атынан шығып отыр. Тауарлар мен қызметтердің төмен бағалары мен сапасының төмендігі нәтижесінде мемлекеттік сатып алулар туралы шарттар бұзылып, жаңа сатып алу рәсімдері жүргізілді, бұл өз кезегінде мемлекеттік саясаттың күткен нәтижелеріне әкелмеді. Қайта сатып алулар процесстері мерзімдердің кешігуіне және қаражаттың игерілмеуіне әкелді, бұл рейтингтерге, заттық және материалдық емес нәтижелерге ие болған тапсырыс берушінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға теріс әсер етті. Аз сомаға сатып алу сапасыз және жосықсыз өнім берушілердің көбеюіне, сондай-ақ қажетсіз әкімшілік істердің туындауына алып келді.

Мемлекет басшысының Жолдауын іске асыру мақсатында және 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 16-бабы 3-тармағының 28) тармақшасына, 5,6-тармақтарына сәйкес, мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны, оның ішінде сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бағасы мен сапасы арақатынасын қамтамасыз ету арқылы оңтайлы және тиімді жұмсау мақсатында Көше жарығын басқаруға арналған автоматты жүйені қашықтан баптау және қашықтан техникалық қызмет көрсету, сонымен қатар басқару шкафтарын жыл көлемінде байланыспен қамту қызметтерін ең төмен баға ұсынысын ұсынған **«Riza Global» ЖШС-мен** 1 128 000,0 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден сатып алу туралы шешім қабылданды.

Округ әкімі **А.Тілекқабыл**